

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Көліктер: Автобус

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:	
	<ul style="list-style-type: none">• автобустың көліктің ерекше түрі екенін біледі;• үш тілде айтады қайталайды, кірме сөзді есіне түсіреді, дыбыстық талдау жасайды;• автобустың қоғамдық көлік екендігін, оның ішінде, көп адам отыра алатындығын көзінің алдына елестеді;• автобуска мінген, түскен, жол жүргенде сақтайтын қауіпсіздік ережесін сақтау керектігін нақтылайды;• автобуста неше дөңгелек, неше терезе бар екенін санап, олар қандай түскен белгілегендерін тұжырымдайды, түсті қарындаштармен салыстырады, тапсырманы орындайды;• салыстырады, бағалайды.
Пәнаралық байланыс:	
	танымдық (<i>жаратылыстану, математика</i>) шығармашылық (<i>бейнелеу</i>) коммуникациялық (<i>сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер</i>) әлеумет (<i>қоршаған ортамен таныстыру</i>) денсаулық (<i>қауіпсіздік</i>)
Білім алушы игеретін білік-дағды:	
	<ul style="list-style-type: none">- көлік түрлерін ажыратады;- кірмесөздерді, дыбыстық талдауды біледі;- көлік түрлеріне байланысты жасалатын адам сандарының әртүрлі болатын ажыратады;- автобустағы қауіпсіздік ережелерін есте сақтайды;- суретке қарап есепті құрастыруға, оны шешуге, қажетті шешім қабылдайды меңгереді.
ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ¹:	
	<ol style="list-style-type: none">1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)
1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)	

¹ Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

Топқа сұрақ:

Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суреттермен жұмыс)
Қандай көлік? Онда қанша бала отыр?




Қорытынды ой...
(коммуникациялық дағды қалыптасады)

КӨЛІКТЕР – АВТОБУС
(кітапшамен жұмыс)

1. Полилингвалдық компонент: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)

2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған көлік атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз, дыбыстық талдау жасаймыз (танымдық дағды).




Өздік жұмыс

3. Ұқсастықтары қандай? Ерекшелігі қандай?

4. Автобуска қай есіктен кіру қажет? Автобустан қай есіктен шығады? Автобуста жүріп келе жатқанда қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек?



5. Суретке қарап есеп құрастыр: Суретте бейнеленген автобустың терезелерін сана қанша? Дөңгелегі қанша? Барлығы қанша? Қанша бояумен боялған? Қарындаштармен салыстыр.



6. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.